

**Ж.Б. АБИШЕВ¹, Р.С. ДУВАНБЕКОВ², Т. БАГДАУЛЕТ¹, Р.Ж.
НУРКЕЕВ¹, Ж.А. СЕЙЛХАНОВА¹, Н.К. САЛИКОВ¹, С.К.
ЖУНУСПЕКОВ¹, Г.М. ИСАБАЕВА³**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті¹,
ҚР ұлттық музейі², Нұрсұлтан
КУ Казпотребсоюза³, Қарағанды

МУҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ МАЗМҰНЫ, ТҮРЛЕРІ, ӘДІСТЕРІ.

Аннотация: «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні типтік оқу жоспары бойынша семинар сабақтарында қарастырылатын қосымша материалдар білім беру үрдісінің субъектілерінің денсаулық мәдениетін қалыптастыруды оңтайлы жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу бойынша тәжірибелік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, әрбір жеке баланың жеке тұлғасын, шағын топ пен сынып ерекшеліктерін білу мүмкін болатын қиындықтарды болжау және осы ерекшеліктер мен оқыту деңгейін ескере отырып, барабар әдістемені таңдау және оқушылардың жеке күн тәртібін, тамақтану, қимыл көлемінің белсенділігін өңдемелеу, оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруды насихаттау және алынған білім, білік және дағдыларын жүзеге асыруды көздейді.

Кілтті сөздер: оқушы, білім, денсаулық, мәдениет, валеология, педагогика.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға дайындығы деңгейлерін зерттеу мақсатында анықтау экспериментінің нәтижелері бастапқы кезеңдегі сауалнама жүргізу, тестілеу арқылы төрт құрам бойынша (мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік,

рефлексиялық) жүргізілген анықтау эксперименті нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттелетін дайындық объектісі туралы үстірт екендігін көрнекі түрде көрсетті [1,2].

Жоғары оқу орнының оқытушылары мен тәжірибе – іс - мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үдерісінде оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға дайындау міндеті арнайы қойылмайтынын, жұмыстың шығармашылық нысандары аз пайдаланылатынын анықтады. «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының қалыптық құжаттар арасында теориялық пәндердің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталатын мазмұндық қағидаларының жеткілікті ашылмауы, осы саладағы білім беру мазмұнының элементтері белгіленбеуі, оқу-әдістемелік ұсынымдар жеткілікті әзірленбеуі қалыптастыру экспериментін жүргізуге негіз болып табылды [3,4].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға дайындау бойынша жоғары оқу орнында оқытудың екінші және төртінші курсын қамтитын қалыптастыру эксперименті жүзеге асырылады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу кезінде біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың түріне, сондай – ақ, «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде, І. Жансүгірова атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде білім алушы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттелетін сапаның қалыптасуының салыстырмалы талдауының нәтижелеріне сүйендік.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа бақылау тобынан 16 студент, эксперименттік топтардан 51 студент (ЭТ1-17 студент, ЭТ2-16 студент, ЭТ3-18 студент) қатысты [4,5].

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ЖОО жағдайында оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға дайындау жүйесін әзірлеп сынақтан өткізу және оның іс жүзінде тиімділігін тексеру. Осы мақсатқа қол жеткізуді біз келесі міндеттерді шешумен байланыстырдық:

- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес базалық пәндер (БП), кәсіптендіру пәндер құрылымдарында (КП) және таңдау құрылымдарында жоспарланған психологиялық-педагогикалық цикл пәндерінің әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану;

– «Бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау» таңдалмалы курсы менгерту және сынақтан өткізу;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өндірістік тәжірибені ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстардың және аудиториядан тыс іс-әрекетінің (студенттердің ғылыми жобалары, тәрбиелік іс-шаралары т.б.) даярлықтың біз іздестіріп отырған қағидасына ықпал ететін әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінде «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» типтік оқу жоспарында белгіленген міндетті құрылымында жоспарланған «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау мүмкіндіктері пайдаланылды.

Қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» типтік оқу жоспарында белгіленген міндетті құрылымында жоспарланған «Математиканы оқыту әдістемесі» жоғары оқу орнының оқу жұмыс жоспарына енгізілген «Бастауыш мектепте дүние тануды оқыту әдістемесі» және «Бастауыш мектептегі дене

тәрбиесінің әдістемесі» пәндеріне ұсынылған қосымша мәліметтерді меңгерту барысында жүзеге асырылды [5,6].

Қалыптастыру экспериментінің үшінші кезеңінде жоғары оқу орнының оқу жұмыс жоспарына енгізілген «Бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлау» таңдалмалы курсының, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру әдістемелік ұсыныстардың мүмкіндіктерін пайдаланылды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың алғышарттарын жасау үшін біз «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» типтік оқу жоспарына, жоғары оқу орны оқу жұмыс жоспарларына және типтік бағдарламаларға, оқу жұмыс жоспарларына сәйкес белгіленген пәндердің оқу-әдістемелік кешендеріне талдау жасадық. ЖОО түлектерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндіктері бар кейбір тақырыптарын толықтыру қажет екендігін ескеріп жеке тақырыптарға қосымша материалдар енгіздік.

Осыған байланысты қалыптастырушы эксперимент жоспары әзірленді, онда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу және оқудан тыс іс-әрекетінде оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу қарастырылды.

Қалыптастырушы эксперименттің мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің аудиториялық және аудиториядан тыс іс-әрекетінің өзара байланысына негізделеді. Бұл өзара әрекеттестіктің зерттелетін сапаны қалыптастырудың заңды логикасына сәйкес үш кезеңмен сипатталады. Дайындықтың кезеңділігі оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибелік іс-әрекеттерінің дәйекті тереңдету мен күрделендіруді білдіреді.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінде «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» типтік оқу жоспарында белгіленген міндетті құрылымда жоспарланған «Бастауыш мектептегі жұмысының теориясы мен

әдістемесі» пәндерін оқыту кезінде және педагогикалық іс- тәжірибе барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға деген қызығушылығын ояту, осы бағыттағы теориялық білім мен тәжірибелік біліктерінің негіздерін қалау мақсат етіліп қойылды [2,3].

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні типтік оқу жоспары бойынша 3 семестрде оқытылады.

Пәннің мақсаты – тәрбие үдерісінің негіздерін және тәрбиелік іс- әрекеттің әдістемесі мен технологиясын танып білуде болашақ мұғалімдердің кәсіби- педагогикалық құзыреттіліктің қалыптастыру болып табылады.

Бағдарламаның тақырыптары жаңа білім беру қағидаларының міндеттерін шешуге бағытталған. Сонымен қатар, ұсынылған бағдарламаның тәжірибелік мақсаттылығына нұқсан келтірместен, оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру ерекшелігіне бағытталуының ескерілмеуі, аталған мәселені табысты шешу үшін оңтайлы жолдарды іздестіруді талап етеді деп санаймыз.

Типтік бағдарлама бойынша «Оқушылардың денсаулық пен салауатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің іс- әрекеті» атты тақырып жоспарланған. Берілген тақырыптың мазмұны «денсаулық мәдениеті» ұғымдарын пайымдауды, денсаулық пен салауатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудың әлеуметтік-экономикалық шарттары, негізгі бағыттары, оқушының салауатты өмір сүру стилінің аса жүктемесіз оқу тәртібі, бос уақытын қозғалыс тұғырынан ұйымдастыру, жеке бастың гигиенасы, дағдылы тамақтану, жарақаттанудың болмауы, салауатты дағдылар, дене белсенділігі сияқты негізгі құрылымдарын ашып-көрсетуді көздеген. Сонымен қатар оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық технологиясы, еңбек күн тәртібі мен демалысты ұйымдастыру әдістемесі, ішімдікке қарсы үгіт жүргізу және нашакорлықтың алдын алу әдістемесі мәселелері қозғалған.

Алайда «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні типтік оқу жоспары бойынша семинар сабақтарының үлгі

тақырыптарының, ОСӨЖ, СӨЖ тақырыпшаларының мазмұнында денсаулыққа қатысты нақты тақырыпшалар қарастырылмаған. Сондықтан білім беру мекемелерінде денсаулық сақтау технологиялары мен сауықтыру әдістемелерін ендіру арқылы, балаларды валеологиялық, гигиеналық тәрбиелеуге қажетті іс-шаралар жүзеге асырылды [5].

Біздер осы жағдайларды ескеріп, семинар сабақтарының үлгі тақырыптарында жоспарланған «Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысына сипаттама, тәрбие жұмысының түрлері мен бағыттарының көптүрлілігі» атты семинар сабағында «Болашақ мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру әдістері туралы түсініктері болуы қажет пе?» айдарымен пікірталас, өткіздік.

Пікірталасқа қатысушыларға тақырып алдын ала хабарланып, олар мұқият дайындала алды.

Ойынға 8-10 адамнан екі команда қатысты. Алдын ала екі команда ойын ережесімен танысты. Командаларға дау негізін құрайтын тезис таңдау немесе әзірлеу мүмкіндігі берілді. Дау-дамайдың мәні командаларды аргументтер мен контраргументтерді іздеуге итермелейтін «қажеті жоқ» деп терістеудің шағын бөлігінде болды. Бұл ретте командалар ойын туралы мәселе жеребе арқылы кездесу күні ғана шешілетін болғандықтан, екі позицияға материалдарды алдын ала дайындады.

Семинар сабағы кезінде «Сымбат» командасы ұсынылған тезисті қорғауға дәлелдер жүйесін (кейс) ұсынды және қатысушылар мен қазылар алқасын өз позициясының дұрыстығына сендіруге тырысты және қазіргі педагогикада қалыптасқан тәрбие әдістерінің денсаулық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндіктері шамалы екендігі туралы пікір айтты. Екінші «Қайрат» командасы оппоненттердің ұстанымын сынға алып, өз ұстанымын дәлелдермен негіздеуге тырысты, яғни оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру әдістерін таңдау өзге тәсілді талап етеді деген антитезисті ұстанды. Қорытынды шешім тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі пәнінің оқытушысының қатысуымен қабылданды.

Қорыта айтқанда «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні типтік оқу жоспары бойынша семинар сабақтарында қарастырылатын қосымша материалдар білім беру үрдісінің субъектілерінің денсаулық мәдениетін қалыптастыруды оңтайлы жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу бойынша тәжірибелік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, әрбір жеке баланың жеке тұлғасын, шағын топ пен сынып ерекшеліктерін білу мүмкін болатын қиындықтарды болжау және осы ерекшеліктер мен оқыту деңгейін ескере отырып, барабар әдістемені таңдау және оқушылардың жеке күн тәртібін, тамақтану, қимыл көлемінің белсенділігін өңдемелеу, оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруды насихаттау және алынған білім, білік және дағдыларын жүзеге асыруды көздейді.

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні типтік оқу бағдарламасын талдау ОСӨЖ, СӨЖ, СҒЗЖ бөлімдеріне болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға дайындауға бағытталатын қосымша тақырыпшалар енгізуге болатындығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абишев Ж.Б. Оқушыларда денсаулық мәдениетін қалыптастыру барысында бастауыш сынып мұғалімдері тәжірибесінің рөлі // Наука и жизнь Казахстана: Международный научный журнал. – Астана, 2019. – №5/2. – Б. 142-153.

2. Абишев Ж.Б. Оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру шарттарындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің рөлі Materiály XV Mezinárodní vědecko - praktická konference «Vědecký průmysl evropského kontinentu - 2019», Volume 7: Praha. Publishing House «Education and Science» - S.32 с.

3. Абишев Ж.Б. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру. – Қарағанды: Полетаева 13 «PRINT SHOP», 2019. – 49 б.

4. Әбілдина С.Қ., Абишев Ж.Б. Бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру негіздері: элективті курсы бойынша оқу-әдістемелік кешен. – Қарағанды: Полетаева 13 «PRINT SHOP», 2019. – 92 б.

5. Әбілдина С.Қ., Абишев Ж.Б. Мәдени-сауықтыру кешендері арқылы бастауыш сынып оқушыларының мәдени көзқарастарын арттыру. Обновление содержания образования в условиях модернизации общественного сознания. Международный научно-практической конференция. – Караганда, 2018. – С. 290-293.